



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2021 жылғы 1 қыркүйек №2-15/98-3

**2021-2022 оқу жылына арналған
мектепте тамақтандыруды ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы" 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте тамақтануды ұйымдастыру және асханада санитарлық талаптарды сақтауды қадағалау үшін директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г. К. Киргеева тағайындалсын.
2. Мектеп асханасының жұмыс кестесін сағат 8.00-ден 18.00-ге дейін орнату.
3. Сынып жетекшілері санитариялық талаптардың қатаң сақталуын ескере отырып, оқушылардың 1 және 2-ауысымдардағы екінші, төртінші сабақтардан кейін асханаға баруын ұйымдастырсын.
4. Тамақ дайындау сапасын, өнімді сақтау мерзімдерін, ас блогының санитарлық жағдайын бақылауға, асхана қызметкерлерінің медициналық тексеруден уақтылы өтуге және белгіленген талаптарға сәйкес құжаттаманы жүргізуіне жауапты болып мектептің медицина қызметкері А.К.Бастемиева тағайындалсын.
5. Мектеп асханасын жалға алушы А.Т. Жұмабекова санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, үздіксіз ыстық тамақ ұйымдастырсын, сондай-ақ асхана жұмысы бойынша нормативтік құжаттары бар папка дайындасын.
6. Директордың әкімшілік-шаруашылық бөлімі жөніндегі орынбасары Р.Б. Сұлтанбаев ас блогындағы сауда, тоназытқыш, технологиялық жабдықтардың ақаусыздығын қадағаласын және оның жарамсыздығы туралы мектеп әкімшілігіне уақтылы хабарласын.
7. 1-4 сынып, 5,9 сынып жетекшілері :

- оқушылардың мектеп асханасына келіп кету есебін күнделікті жүргізің;
 - күн сайын 1-ші және 2-ші ауысымның бірінші сабағынан кейін тамақтанатын оқушылардың саны бойынша белгіленген нысан бойынша өтінімді қамтамасыз ету;
 - оқушылар мен олардың ата-аналары арасында дұрыс тамақтанудың артықшылықтарын насихаттау;
 - сынып оқушыларының жеке гигиена ережелерін қатаң сақтауды қамтамасыз ету;
8. Әлеуметтік педагог А.Т. Орынбаева жалпы білім беру қорынан тамақтанатын балаларға бақылау жүргізің.
 9. Әлеуметтік педагог А.Т. Орынбаева балалар тізімін өзгерістерге қарай жаңартып отырсын.
 10. Мектепте білім беру сапасын ұйымдастыру мониторингі бойынша комиссия құру.
 11. Кезекші әкімшіге, кезекші мұғалімге:
 - мұғалімнің сүйемелдеуімен асхананың тамақтану залына ұйымдасқан түрде баруды қамтамасыз ету;
 - тамақтану залына оқушылар мен мектеп қызметкерлерін сырт киіммен жібермеуге ;
 - оқушыларға асханадан азық-түлік пен асхана құралдарын алып шығуға рұқсат етпеу.
 12. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп басшысы



А.Т.Сачанов